

бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 27 ақпан 2009 ж.

11. Есбергенова Б.С. Жайсан гибадатханасындағы жаңадан ашылған түркілік петроглифтер// «Марғұлан оқулары - 2009» халықаралық ғылыми конференциясы. Алматы, 22-25 сәуір 2009 ж.

12. Есбергенова Б.С. Тюркские петроглифы в контексте культурного наследия кочевников Центральной Азии // Бірінші Халықаралық Евразия Археологиялық Конгресі. 21-27 мамыр, 2007 г. Измир, Түркия.

13. Есбергенова Б.С. Түрік кезеңіндегі жартастағы сурет өнеріндегі түйе образы // «АҚЫНЖАНОВ ОҚУЛАРЫ - 2008» атты ғылыми конференция. Алматы, 2008 ж.

14. Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения урочища Тамгалы. Алма-Ата, 1985. - 144 с.

15. Максимова А.Г. Наскальные изображения из ущелья Тамгалы// Вестник Академии наук КазССР, №9, 1958. - с. 108-110.

16. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Т. 3-4. Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартас гравюралары. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер. Алматы, 2003.

17. Марғұлан А.Х. Мир казаха. Алматы, 1997. - 57 с.

18. Марғұлан А.Х. Из истории городов строительного искусства древнего Казахстана. Алматы, 1950.

19. Марғұлан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.)// Известия АН КазССР, серия историческая, вып. 4, №49. Алма-Ата, 1948. - стр. 119-128.

20. Марьяшев А.Н., Рогожинский А.Е.. Наскальные изображения в горах Еикюльмес. Алма-Ата, 1991.

21. Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. Алматы, 1998. 207 с.

22. Марьяшев А.Н., Асанкина С.Н. Наскальные изображения Ой – Джайляу// Античность и общечеловеческие ценности. Алматы, 1993.

23. Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. Алматы, 1992. - 288 с.

24. Самашев З.С. Наскальные изображения Тамгалы// Семь чудес Казахстана. Алматы, 2006. с. 8-29.

25. Самашев З.С. Петроглифы Казахстана. Алматы, 2006. - 200 с.

Ж. Жетібәев,

Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты

ҚАЗАҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ТҮЙЕ ОБРАЗЫ

Қазақ петроглифтерінде кескінделген түйеге байланысты көріністердің ауқымы алуан түрлі. Олардың дені күш-көлікті, байлықты құрайды. Бір-ақ та олардың арасынан малды бағып-қағудың көптеген тәжірибесін жинақтаған ата-бабамыздың іс-әрекеттеріне арналған көріністерді де кездестіруге болады. Сондай көріністің бірінде бес адамның түйенің екі түрін, яғни екі өркешті түйе (бура

немесе інген) мен бір өркешті түйені (үлек немесе аруана) шағылыстырайын деп жатқан сәті бейнеленген (1-сурет). Бұдан біз ата-бабамыздың – “жампознар”, “қолтуманар”, “біртуған” немесе “бекпатшанар” сияқты түйенің жаңа түрлерін ала білгендігін көрсек, ал екінші көріністе ішінде ботасы бар аруана мен оны ұзын арқан арқылы ұстап тұрған адам бейнеленген (2-сурет). Суреттерден көріп отырғанымыздай, бұл көріністердің екеуінде де түйелер өте шеберлікпен берілсе, ал адамдар, жоғарыда айтып өткеніміздей бет-әлпеті өңсіз, бос болып, кеудесі мен қол-аяқтары жай сызықтармен бейнеленген.

Түйе – бұл сонау көне замандардан кең жатқан образдардың бірі. Оған, әсіресе, скиф-сақ-сармат бейнелеу өнерінде ерекше орын берілген. Бұл образдарға да көне замандағы бұғы бейнелері сияқты әр түрлі хайуанаттардың белгілері жинақталған, яғни тұяқты шөпқоректі жануар бейнелеріне жыртқыштардың кейбір сипаттары (имек тұмсық, азулы етіп көрсету) берілген. Бұлар ғұрыптық практика мен скифтік өнердің бейнелеу дәстүріндегі мифологиялық текст пен зооморфты кодтарға қажетті заңды құбылыс болып саналады

Түйенің аталған өлке қазақтарының халық суреттерінде көптеп кездесуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер: түйе – ерте замандардан күні-бүгінге дейін Маңқыстау сияқты сусыз шөлдері мен құлазыған құмдары бір-біріне ұштаса араласып жатқан өлкелер мен аймақтардың күнделікті тұрмысында өте үлкен рөл атқарып келе жатқан үй жануары. Яғни, ол – жер бетіндегі шөлге және аштыққа ең шыдамды жануарлардың бірі. Сонымен қатар ол – мінсе, жүк артса және жексе – күш-көлік, сойса – ет, сауса – сүт, шұбат, жүнін қырқып, қажетіне жаратса – киім-кешек, көрпе-жастық. Міне, осындай қасиеттерін бағалаған бабаларымыз иір мойын, өркешті ойсылқараны айрықша қадірлеп, кие тұтып, қысылғанда пана, тарыққанда талғажу еткен. Оның “ақылымен” санасып, мінез-құлқына қарай іс қылған. Ыстық пен суыққа, аштық пен шөлге төзімді түліктің мойымастығын дәріптеген ата-бабаларымыз небір асыл азаматтарын “нар жігіт екен” деп мақтан тұтып, оның (түйенің) бойындағы нышан, белгі, сипаттарды, түстер мен реңктерді түгелдей өнер тіліне көшіріп. Ежелгі көшпелілер өнерінің керемет үлгілерін Қазақстан жерінен көптеп кездестіруге болады. Солардың бірі Арпаөзен петроглифтеріндегі (Қаратау) екі түйенің айқасы. Айқас өте шеберлікпен әрі дәлдікпен берілген. Түйелердің кейпінде имек тұмсық, төгілген кекіл, әукесін жүнді етіп кейбір жыртқыш аңдардың белгілері қоса берілген. Олардың біреуі алдыңғы аяғымен қарсыласының саның теуіп жатса, екіншісі өзге біреуін өркешінен

тістеп жатыр [1]. Бұл жерде айта кететін бір жәйт: ежелгі көшпелілер өнеріндегі ең көп тараған сюжет – екі бураның шайқасы, сондай-ақ түйенің қасқыр, жолбарыс не грифондармен айқасы. Сонымен бірге түйе тек басының ғана бейнесінде кеңінен мәлім. Ол көбінесе белгілі бір киелі мәнге ие ою-өрнегі бар (жүген, ғұрыптық ыдыстардың тұтқасы, аса таяқтың ұшы) әр түрлі қажеттілікке арналып көркемделіп жасалған заттарда кездеседі. Оларда жануардың көзге ұрып тұратын өзіндік сипатары – мойнындағы қалың жүні, үшкіл әрі алдыға түсіп тұратын “кекілі”, грифонның келбетіне ұқсайтын имиген тұмсығы, азу тісті ақсиған ауызы айқын көрсетілген. Бұл детальдарды әсірелеп бейнелеу, оған баса назар аудару буырқанған, асау да қаһарлы бураны елестетеді. Мығым қуат, қаһар, күштілік – байырғы замандағыларды тамсандырған еуразия далаларындағы ірі жануарлардың қасиеттері/, арман-мақсаттарын соларды бейнелеу арқылы айшықты жеткізіп, образын наным-сенімдері мен аңыз-әңгімелеріне, сондай-ақ мақал-мәтелдеріне тиек еткен. Сол наным-сенімдер мен аңыз-әңгімелерді талдап, сұрыптар болсақ, түйекеш-түйе ел түсінігінде төмендегіндей бірқатар функциялар мен символдарды атқарып келеді.

Түйе – мықтылық пен алып күштің символы. Аңыз-әңгімелерге, этнографиялық материалдарға назар аударсақ, түйе түлігі - ең алдымен, мықтылық пен алып күштің символы ретінде көрінеді. Оны қазақтың “Нар жолында жүк қалмас” деген мақалынан-ақ байқауға болады. Мәселен, ол - Авестада “қатал”, “қуатты”, “дүниедегі еркек жыныстылар ішіндегі ең күштісі әрі әлдісі” деген теңеу алса, ал көне замандардағы иран тілдес тайпалар оны жеңіс және найзағай құдайы “Веретрагнаға” теңеп табынған.

Міне, осындай қасиеттерін бағалаған ата-бабаларымыз нардай мықты, күшті болсын деп жаңа туған балаларына Нарұл, Нарқыз, Нартай және т.б. есімдер берген.

Түйе – киелі жануар. Түйе – кешегі қазақтар мен Орта Азияның басқа да халықтарында болмыстан тыс жақсы қасиеттерге ие киелі үй жануары. Тіліміздегі “Түйелі бай - киелі бай” немесе “Түйелі жолаушы - киелі жолаушы” деген сөз орамдары осының айғағы. Мысалы, қазақтың мына бір наным-сенімі бойынша түйенің етін жеген науқас адам ауру-сырқаудан тез арада айығатын болған. Түйенің кие санаудың келесі бір көріністерін қазақтың мына әдет-ғұрыптарынан да байқауға болады. Бұл әдет-ғұрыптар бойынша бір қоныстан екінші қонысқа көшкенде үйдің дүние-мүлік, жиһаздары, жаугершілік замандарда мерт болған ерлердің, кенеттен тыс қайтыс болған беделді адамдардың денесі түйеге таңылып жеткізілетін. Соңғысы XVIII

ғасырдың екінші жартысында өмірден кеткен Қамысбай атына байланысты аңызда жақсы аңғарылады.

Қамысбай Төлекұлы деген ауқатты адам жаз жайлауға шығу үшін көш керуен түзегенде жол-жөнекей дүние салыпты. Руластары беделді адамды артта қалған алыстағы ата қауымға жерлегенді жөн көріп, өлікті түйеге артқан екен. Шіліңгір шілденің қапырық ыстығында өлік артқан түйе “жол тағдырын нар шешкен” демекші жетекке көнбей тұрып алады. Бұйдасынан тарта- тарта, мұрындығы жырылуға айналғанда әбден запы болған атан бақырып жатып қалады. Шөккен түйенің ырқына көнген көш мұны ырым етіп, малдың “ниетінен” қорқып, марқұмды кідірген жерге қабірге салады [2, 3]. Сол оқиға өткен Қарадөң бүгінгі Қамысбай Ата қорымы аталады.

Осыған ұқсас аңыз XVII ғасырда Жетісуда өмір сүрген қазақ батыры Райымбектің есімімен де тығыз байланысты. Бұл аңыз бойынша Райымбектің мүрдесі ақ түйеге артылып, тоқтаған жеріне жерленген екен [2]. Сол түйенің тоқтап, шөккен жері Алматыдағы қазіргі “Райымбек” даңғылының бойы. Ол жерде қазір күн нұрымен таласқан күмбез және “ақ түйенің” гранит тасынан қашалған мүсіні орнатылған.

Қазақтар түйе малын кие тұтып, ерекше қадірлегені сонша, жаңа туған ботаны тіл-көзден сақтау үшін екі жеті бойы киіз үйдің ішінде немесе жабық қорада ұстап, бұйдасына (шекесіне) “үкі” таққан. Егер бөтен біреу кездесек та көріп қойса, онда оған сол арада “тіл-көзім тасқа” деген сөзді айтқыза отырып, үш рет түкірткізетін болған.

Белгілі этнограф Г.Н.Потаниннің айтуынша, қазақтар, сондай-ақ ересек түйелерге де ішінде 7 қара тасы бар үшбұрышты болып келген киіз тұмарлар таққан [4]. Сонымен қатар қазақтар да оны басынан ұруға немесе тебуге қатаң тыйым салынған. Егер де біреудің ұрып жатқанын көріп қойса, онда сол адамды дереу айыпқа тартқан.

Түйе - өніп-өрбу символы. Түйе қазақтарда сондай-ақ өніп-өрбу ғұрыпымен де тығыз байланысты. Оған қазақтың мына бір наным-сенімдерін мысал ретінде алуға болады. Бұл наным-сенімдердің бірінде екі қабат әйел түйе етін жеуден аулақ болған. Себебі, оның етін жеген әйелдің жүктілігі ұзаққа, яғни түйенікіндей 12 айға созылса, ал екіншісінде босанатын уақыты созылып бара жатқан әйелдер тез әрі жеңіл босану үшін шөгіп жатқан түйенің мойнын (матамен арнайы жабылған) аттап өтетін болған.

Түйе – ерекше құрбандық малы. Қазақтың ескіден келе жатқан наным-сенімі бойынша түйе-құрбандыққа өте сирек шалынатын түлік. Өйткені, түйе – халық ұғымында “киелі” саналып, ерекше құрмет көрсетілетіндіктен тек мынадай жағдайларда ғана құрбандыққа

шалынған. Атап айтсақ олар: қауіпті жорық, сапаларға кеткендер алыс жолдардан аман-есен оралғанда; жанұяда көптеп күткен мұрагер дүниеге келгенде және басқа да қуанышты жағдайларда. Мәселен, алғашқысында егіз туған сұр бура құрбандыққа шалынса, ал соңғысында – ақ түйе. Ел арасындағы “Ақ түйенің қарны жарылды” деген қанатты сөз осыдан қалса керек. Бұл салт-дәстүр қазақтарда ХІХ ғасырдың соңына дейін өмір сүріп келген [5].

Түйе – байлық көрсеткіші. Түйені қазақ елі байлық басы білген. Сондықтан қазақтар “Түйе-байлық, қой-мырзалық, жылқы-сәндік” дейді.

ХХ ғасырдың басына дейін орын алып келген дәстүр бойынша үлкен ас пен тойда, балуан күресінде бас бәйгеге әр уақытта бура берілген. Бұл да түйе малын құдірет деп танып, құрметтегендіктің белгісі.

Ғасырлар бойы көшпелі тұрмыста көштің негізінен түйе көтереді. Сондықтан қазақтар “Нар жолында жүк қалмас” дейді.

Түйені қастерлеп, құрметтеудің, ежелгі магиялық түсініктің іздері қолөнері бұйымдарынан да байқалады. Ол қазақтарда “Түйе табан”, “Бота мойын” және тағы басқа да ою-өрнектермен белгілі.


1. Кадырбаев М. К., Марьяшев А. Н. Наскальные изображения хребта Каратау. - Алма-Ата: 1977. - 232 с.

2. Аргынбаев Х. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции Средней Азии и Казахстана. - М.: Наука, 1975. – С. 194-205.


3. Байкев Б. Түлікті төресіндеі көрген // Маңғыстау. 1991, Тамыз.

4. Потанин Г. Н. Сказание о предке коров Зенги-баба, предке лошадей Джилкиши-ата, верблюдов - Ойсыл-кара и овец – Шопан-ата // ЗСОРГО. - Омск, 1888. Кн. X.

5. Уәлиханов Ш. Ш. Таңдамалы. 2 - басыл. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.



1-сурет



2-сурет